

**М. Е. Орынбек, ҚР ИИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының
1-бағам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекші: М. Е. Уәлиев, ҚР ИИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
Академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы**

АБЫЛАЙ ХАН КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ НЫҒАЮЫ (АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ТУҒАНЫНА – 300 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛАДЫ)

Абылай (Әбілмансұр, Сабалақ, 1711-1781 жж.) – қазақ хандығының бұрынғы шекарасын қалпына келтіріп, елдің саяси-экономикалық дамуына өзгерістер енгізген мемлекеттік қайраткер.

Әкесі — Орта жүздің сұлтаны көркем Уәли, атасы – Түркістан қаласының билеушісі, «қанішер» Абылай. 13 жасында жетім қалып, әкесімен ағайындас Орта жүз ханы Әбілмәмбетті паналады. 15 жасынан жоңғар шапқыншылығына қарсы күреске қатысқан.

Абылай жоңғар шапқыншылығы кезінде елдің тыныштығын, жердің бірлігін қамтамасыз етуді мақсат етіп, Ресейге арқа сүйеді.

Елді аман алып қалатын күш қазақтардың өздері болатынын Абылай сұлтан түсінді. Ол батырларды біріктіріп жоңғарларды шабуылдауды ұйымдастырды.

1745 жылғы қоңтайшы қазасынан кейін таққа таласушылардың бірі — Әмірсана Абылайды паналап, Орта жүзге қашты. Бұл жағдай 1752 жылы қалмақтардың Орта жүзге басып кіруіне себеп болды.

Ұлытауда өткізілген құрылтайда Абылай қарастырған мәселелер:

1. Қазақ ақсүйектерін біріктіру.

2. Өмірсананы жоңғар билеушісі Лама Доржыға ұстап бермеуге қазақ билеушілерін көндіру.

3. Жоңғарияға шабуылдау.

Абылайдың мақсаты: жоңғар шапқыншылығы кезінде уақытша басып алған тарихи иелігін қайтару.

1753 жыл — Абылай сұлтан ірі қолды басқарып, Жоңғарияға шабуыл жасады.

Жоңғар қақпасы маңында Абылай бастаған қол Жоңғарларды талқандады. Жоңғария күлағаннан кейін Қытай жағынан төнген жаңа қауіп қазақ сұлтандарының күштерін ұйымдастыруға түрткі болды. Абылайдың ендігі туының астына үш жүздің жасақтары жиналды.

Зеңбіректермен қаруланған Маньчжур- Цинь күштеріне ашық қарсы тұру қиындығын білген Абылай дипломатиялық жолмен шешу қажеттілігін түсінді.

1757-1760 жылдар – Абылай Қытай билігін мойындады.

Абылайдың Цинь боғдыханы билігін қабылдау себебі :

1. Ресейдің Звериний патқалынан Омбы бекінісіне дейінгі аралықта бекіністер салуы.
2. Қазақ рулары қоныстарының тарылуы.
3. Ресей патшасының осы аймақтағы әскери акцияларды күшейтуі.
4. Цинь әскерінің Қазақстанға басып кіру қаупінің күшеюі.
5. Екі ірі мемлекеттің қыспағында қалып, Ресей және Цинь империяларына тәуелділігін сөз жүзінде мойындады.

Абылайдың басты мақсаты: Қазақ мемлекетінің дербестігін сақтау.

Ол Тарбағатай, Алтай таулары, Зайсан көлінің пығысындағы тарихи қазақ жерлерін қайтаруға күш жұмсады. Пекин билеушілері 1760 жылы Тарбағатай таулары маңайында көшіп жүрген қазақтарды қудалағанда, оны келіссөздер арқылы шеше білді. Абылайдың Орта Азия хандықтарымен саяси қатынасы табысты болды.

XVIII ғ. 70 жылдарының басы — белгілі қолбасшы Абылай Хождент, Ташкент билеушілеріне соққы берді.

1. Ташкент бегі салық төлеуге мәжбүр болды.
2. Түркістан, Сайрам, Шымкент, Созақ және Ташкентке тәуелді бірнеше қалалар Абылай билігіне көшті.
3. Қазақ хандығының халықаралық жағдайы жақсарды.

1771 жыл – Түркістанда Орта жүз ханы Әбілмамбет қайтыс болды.

Дәстүр бойынша ақсүйектер хан ұлы Әбілпайызды емес, Абылайды хан сайлады.

Патша өкіметі тәуелсіз қазақ хандығын жоюға күш салып, Абылайды сайлайтынына келіспейтіндігін білдірді.

1778 жыл 24 мамыр – II Екатерина Абылайды тек Орта жүздің ханы етіп бекітті.

Абылай хан ресми түрде бодандықты мойындағанымен, іс жүзінде тәуелсіздігін сақтады.

Абылай хан билігіне және шаруашылыққа өзгерістер енгізді:

1. Хан билігін шектеусіз етті.
2. Билер қызметіне шек қойды.
3. Ертіс, Есіл бойы, Көкшетау, Тарбағатай өңіріне егін шаруашылығын енгізді.

Сауда қатынасына көңіл бөлді.

Абылай хан қазақ жері шекарасын қалпына келтірді

Абылай хан 1781 жылы дүние салды. Ол Түркістандағы Ахмет Иассауи кесенесінде жерленген.